


**Ақтөбе облысының бңлңм басқармасы
Алға аудандық білім бөлімі
№1 « Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы.**

**«Әсемдік әлемі»
ортаңғы топ тәрбиеленушілеріне
арналған бағдарлама.**

**Алға қаласы.
2021 жыл.**

Алға аудандық білім бөлімінің эксперттік кеңесінде
бекітілді.

Хаттама № 1 «01» «08» 2021ж

Бектурғанова Ш.У:  Алға аудандық білім
бөлімінің әдіскері.

Құрастырған: А.Ж.Жанбурбаева
№1 «Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасының
I санатты тәрбиешісі.

Пікір жазғандар:

Н.С.Шаганова №1 «Еркетай» Алға бөбекжай
балабақшасының әдіскері

Г.Б.Уразалина «Болашақ» Бестамақ балабақшасының
әдіскері.

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілеріне
арналған. Эстетикалық тәрбие баланың ақыл-ойы мен
сезімін, ұшқыр қиялы мен ойлау қабілетін дамытуға
көмектеседі.

«Әсемдік әлемі» бағдарламасы ортаңғы топ
тәрбиеленушілеріне арналған, аптасына 1 сағат, барлығы 36
сағатқа дайындалған.

ТҮСІНІК ХАТ

Эстетикалық тәрбие баланың ақыл ойы мен сезімін, ұшқыр қиялы мен ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі.

Эстетикалық тәрбиені жүзеге асыру балалардың әсемдік сезімімен ұғымын, көркемдік, шығармашылық қабілетін үздіксіз дамытып, эстетикалық талғамын қалыптастыруға дағдыландыру қажет. Бала ес біле бастағаннан-ақ өзі жете түсінбес жарқын, тартымды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды. Мәселен жылтыраған ойыншықтарды әдемі гүлдер мен заттарды көрсе қуанады. Осының бәрі оның рахаттану қызығу сезімін туғызады. Жиі ән, ертегі тындап, суреттерді қараған балалардың өнер қуаныш сезімдерінің қайнар көзіне айналады. Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын, әсем атаулының бәріне жәйғана ұмтылын қана қоймай сұлулықты жан дүниесімен қабылдайтын болады. Тегінде бала сұлулықты форма мен мазмұнның бірлігі ретінде қабылдайды.

Эстетикалық қабылдау сезім мен тебіренумен тығыз байланысты әсемдікке қызығудан туатын қуаныш жайдары жан толғанысы эстетикалық сезімнің ерекшелігі болып табылады. Тәрбиеші баланың сұлулықты қабылдауынан бастап оған эмоциялық жауап қату, оны түсіну, эстетикалық ұтым, эстетикалық пікір. Эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға дейін жетелеп отыруы тиіс. Мектеп жасына дейінгі балаларға тән ерекшелік бұл шындықты соншалықты пәк тікелей бейнелейтіндігінде ғаламат шынайлығында бейнелейтін заттың шындығына сенетіндігіне қоршаған ортадан алған әсерін бейнелі түрде жеткізе білуіне тәрбиеші үнемі көмектесіп отыруы керек. Мектепке дейінгі балаларда шығармашылық нышандары байқала бастайды. Ол ой құрау және оны жүзеге асыру қабілетінің дамуынан өз білімін тебіренісін шынайы жеткізуінен көрінеді. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін оларға үнемі ақыл кеңес беріп, дұрыс тәрбие үлгісін көрсеткен жөн. Тәрбие барысында олар өз ойларын сөз, ән, сурет, би, драматизация арқылы бейнелеп жеткізу тәсілдерін меңгереді. Тәрбие баланы әсемдікке баулиды, жағымды эмоция туғызады, қабілеттерін дамытады. Балалардың қабілетін дамытуда педагогтың жеке басы, мәдениеті, білімі, өз ісін жете меңгеруі үлкен рөл атқарады. Эстетикалық талғам балалардың өнерде.

Тұрмашынайы әсемдіктен қанағат, рухани азық алуынан көрінеді. Эстетикалық талғам-кең ұғым: ол өнердің терең мағынасын тамаша шығармаларды түсінуді, одан алуды ғана емес, табиғаттың, еңбектің, тұрмыстың, киімнің сұлулығын түсінуді қамтиді. Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда үйрету үлкен рөл атқарады. Олар оқу үстінде балалар әдебиеті, музыкалық, сурет өнерінің классикалық шығармаларымен толық игеруді үйренеді. Балалардың бойында эстетикалық талғамның негіздерін қалай отырып, біз оларды қоршаған ортаның әсемдігін көруге және сезінуге, оны аялауға баулимыз. Гүлдердің қауып жарғанын көргенде оның жұртқа қуаныш сыйлауы үшін оны мәпелеп күту керек. Балалардың да көркемдік қабілеттерін, эстетикалық сезімдер мен ұғымдарын, әсемдікті бағалай білуін дамыта отырып, педагог рухани байлығы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеудің негіздерін қалай береді.

Пікір

Эстетикалық тәрбие адамның рухани бейнесін қалыптастырудың соншама ауқымды саласын қамтиды. Кейде эстетикалық тәрбие деген ұғымды «көркемдік тәрбиелеу» деген ұғыммен пара-пар алып жүрміз. Көркемдікке тәрбиелеу дегеніміз-өнер құралдарымен тәрбиелеу деген сөз. Ал эстетикалық тәрбие дегеніміз-өнердегі табиғаттағы және бүкіл қоршаған өмірдегі әсемдік құралдары арқылы тәрбиелеу деген сөз. Сондықтан көркемдікке тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбиемен пара-пар емес оның өте маңызды. Бірақ құрамдас бөлігі болып табылады. Осы орайда белгілі педагог Р.Қоянбаев «Педагогика» атты еңбегінде: «Эстетикалық тәрбие адамды дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді. Өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды оған керісінше ұсқынсыздыққа жағымсыз көзқарасты қалыптастырады»-деп өнер арқылы эстетикалық тәрбие беру жолдарын қарастырған. Эстетикалық тәрбиенің міндеттерінің бірі-эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу. Өмірдегі өнердегі сезу және көру адамдарда әр түрлі болады. Біреулер әдемілікке үнемі қарап оның сырынбілуге тырысады, ал кейбірулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап, жанынан өте шығады. Әдемілікті сезіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және саласынан әрбір адамда білім болуы қажет. Білім адамды әдеміліктің объективтің критерилерімен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі түсінеді. Айналадағы дүниеге сезімталдық эстетикалық қабылдау қырағыштығы, ықыластылық, қамқорлық баланың эстетикалық дамуының негізі болады. Егер этиканың негізі ұғымы-жақсылық болса, ал эстетиканыкі сұлулық ізгілік жақсылық жасау-қоғамға, пайда келтіру деген сөз. ІІ кіші топ балаларына арналған «Әсемдік әлемі» бағдарламасы осы мақсатқа жетуді жүзеге асыратып бірден –бір құрал болып табылды.

Мақсаты:

-Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғауы қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен елестеуін дамыту.

Міндеттер:

- Қиялы мен ойлау қабілетін дамыту;
- Шығармашылық қабілетін үздіксіз дамыту;
- Эстетикалық талғамын жетілдіру, тәрбие беру;
- Бейнелік ойлауды дамыту(сезу, қабылдау,елестету)
- Тілдік, қарым-қатынастық әрекетті дамыту;
- Есте сақтау мен зейінді дамыту;
- Диалогтық сөйлеудің дағдаларын дамыту;
- Әсемдікке баулып, талғамын дамыту;
- Экологиялық тәрбие беру;
- Имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу;
- Рухани дүниесін байту;
- Салт-дәстүрін қадірлей білуге тәрбиелеу;

№	Мерзімі	Сағат саны	тақырыбы	Тақырыптық мазмұны
1	Қыркүйек	I	Танысайық балақай	Адам есімдері оны толық және еркелетіп айту түрлері туралы түсінік беру, балалардың өз есіміне деген сенімін дамыту өзге адамдарды есіммімен атау әдебіне тәрбиелеу
2		I	Түстер әлемі Жылы реңктер	Жылы реңкті түстермен таныстыру, олардың қасиеттері туралы мәлімет беру. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру
3		I	Түстер әлемі Суық реңктер	Суық реңктеі түстермен таныстыру, олардың қасиеттері туралы мәлімет беру. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту
4		I	Кемпірқосақ	Кемпірқосақ арқылы түстер туралы алған білімдерін бекіту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.
5	Қазан	I	Күз келбеті	Балалардың күз туралы түсініктерін қалыптастыру. Күзгі табиғат ерекшеліктерін көре білуге үйрету. Табиғаттың сұлулығын бағалай білуге тәрбиелеу.
6		I	Күзгі еңбек	Балалардың күн мезгілі түсінігін кеңейту, адамдардың күзгі еңбегі аясында ойларын тиянақтау. «Ырыс», «Құл-береке», «Молшылық» сөздерін мағынасын түсіндіру. Еңбекке баулу.
7		I	Балабақшада	Топ бөлмесі мен балабақша ауласын еркін бағдарлау. Ұжымдық қарым қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балабақшада деген құрмет пен маххабат сезімдерін тәрбиелеу
8		I	Бау-бақша	Балаларға жемістер мен көкіністер пайдасын түсіндіру. Табиғатты аялауға, әсемдікті көріп, сезіне білуге тәрбиелеу.

9	Қараша	I	Құстар біздің досымыз	Құстардың түрлермен олардың өзіне тән ерекшеліктерін сипаттап, құстарға деген қамқорлық жасауға тәрбиелеу
10		I	Жануарлар әлемі	Балалардың үй жануарлары және жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту. Үй жануарларының пайдасын айту, оларды күтіп баптауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
11		I	Су астындағы әлем	Балаларға балықтар туралы жан-жақты түсінік беру, тіршілік ортасымен таныстыру, суға өсімдік, жәндіктерге деген сүйіспеншіліктерін оятып, табиғатқа қызығушылықтарын арттыру.
12		I	Алғашқы қар	Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Қыс мезгіліндегі табиғат сұлулығына назар аудару арқылы көркемдік танымдарын қалыптастыру.
13	Желтоқсан	I	Терезедегі өрнектер	Терезедегі өрнектер туралы әңгімелесу. Балалардың ұшқыр қиялы мен ойлау қабілетін дамыту. Балаларға адам мен табиғат арасындағы байланысты сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.
14		I	Қыс қызығы	Қыс мезгілінің ерекшелігін ажырата біліп қысқы ойын түрлерін меңгертутабиғаты аялауға әсемдікті көру білуге , сезіне білуге тәрбиелеу
15		I	Қыз қаһары	Балаларға қыз мезгілінің құбылыстарының әсемдігін көре білуге үйрету. «Бораң», «Аяз», «Мұз», туралы түсініктерін қалыптастыру, экологиялық тәрбие беру.
16		I	Аққала	Қыс мезгілі туралы түсініктеріне кеңейту қар дани бұйымдар жасау машығын дамыту, эстетикалық талғамын жетілдіру.
17	Қаңтар	I	Қысқы еңбек	Балаларға жолдан қар тазартуға үйрету. Балалардың үлкендермен еңбек әрекеттеріне қосылуға қызығушылықтарын қалыптастыру.

18		I	Саусақтар сөйлейді	Ойын баланың ой-өрісін, қиял сезімін дамытып, сөйлеу тілінің жетілуін, диалог, монолог түрінде өзара сөйлесу машықтарын қалыптастырады.
19		I	Ертегілер елінде	Қазақ ертегілері төрт мыңға жуық сан алуан. Олар хайуанаттар туралы қиялға жайып, тұрмыс-салт шыншыл ертегілер баланың қиялын шарықтатып келешекке сеніммен қарауға, елін туған жерін сүйуге адамгершілік іс-әрекеттерге «сөз өнеріне» деген қабілеттерін арттыру
20		I	Әсем әуен әлемі	Әуен ырғағына сай эмоцияларын айтуға шығармашылық әрекеті арқылы оны бейнелей білуге , эмоциялық икемдігін шығармашылық белсенділігін көрсету мүмкүндіін беруі
21	Ақпан	I	Менің сүйікті ойыншығым	Балаларды сөзді анық айтып дұрыс сөйлеу білуге баулу ойыншықтардың атын түсін және қандай заттан жасалғанын олармен қалай ойнату керектігін түсіндіріп ұқыптылыққа әдемілікке тәрбиелеу.
22		I	Әдептілік-әдемілік	Балаларды адамгершілік әдептілікке еңбекке сүйгіштікке, қарапайымдылыққа үйрету. Сәлемдесу, сыйластық үлкенге құрмет көрсетуге имандылыққа инабаттылыққа тәрбиелеу.
24		I	Бақыт деген не?	Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып бақыт ұғымын түсіндіру. Балаларды қоршаған ортаға мейірімді қарауға тәрбиелеу. Көңіл күйін көтеру.
25	Наурыз	I	Анаға гүл силаймыз	Балаларға көктем туралы 8 наурыз мерекесі туралы түсінік беру отбасындағы ананың орынын , анаға деген құрметті ұғындыру, гүл сыйлау арқылы анаға деген махаббат сезімдерін тәрбиелеу.

26		I	Көктем келді алақай	Балаларды көктем мезгілін сипаттау арқылы табиғаттың тамашаларымен таныстыру. Балаларға көктемдегі табиғат көріністерін рухани дүниесін байыту.
27		I	Наурыз тойы	Ұлттық мерекелер туралы түсінік беру, салт-дәстүр арқылы бауырмалдыққа татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Халқымыздың салт-дәстүрін қадірлей білуге тәрбиелеу.
28		I	Гүлдер әлемі	Көктем гүлдері бақша бөлме, дала гүлдері туралы білімдерін кеңейту. Балаларды әсемдік пен сұлулыққа, талғамдылыққа баулу. Гүл адамның көз қуанышы екенін түсіндіру, гүлдерді өсіруге, күтіп, баптап, эстетикалық талғамын арттыру.
29	Сәуір	I	Күлкі әлемінде	Күлдіргі көріністер, қызықты драматизация, отракцион ойындары күлкі мен қуаныш сезімін туындату. Көңіл күйлерін көтеру.
30		I	Ғарыш деген не?	Балаларға ғарыш, ғарыштық шулар. Байқоңыр ғарыш айлағы, ғарышкерлер дайындау орталығы туралы түсінік беру. Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Токтар Әубәкіровтың ерлігі жайында айта отырып балалардың ғарыш әлеміне қызығушылығын арттыру
31		I	Оюлар сыры	Қазақтың ұлттық бұйымдары тұрмыстық қолданбалы заттар туралы балалардың білімдерін одан әрі жетілдіру ою-өрнектер туралы ұғымдарын бекіту, көз мөлшерін, түс пен ырғақты сезінуін, көркемдік талғамын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін арттыру.

32		I	Шаттық сыйла досына	Дос және достар жайлы түсінікті қорытындылап, бекіту құрдастарымен достық қарым- қатынас жасауды қалыптастыру балаларды қоршаған ортаға мейірімді қарауға тәрбиелеу
33	Мамыр	I	Ғажайып әлемге саяхат	Жас ұрпақты өз тегін жақсы біліп, ата-бабаның салт-дәстүрін бойына сіңіріп, оны жалғастырушы болып өсуге тәрбиелеу, өзге ұлттың да әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрін сыйлауға, қадірлеуге үйрету, оларды адамгершілікке, мейірімділікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.
34		I	Табиғат әлемі	Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Әсемдікті, әдемілікті көріп білуге, табиғатты қорғап аялауға үйрету, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстарды түсінуге баулу. Балалардың бойында жана шырлық, қамқорлық қасиеттерді тәрбиелеу.
35		I	Күннің шуағы	Балалардың табиғат жайлы білімдерін арттырып күн туралы ұғымдарын байыту. Күннің адамға тигізер пайдасы туралы түсіндіру эстетикалық сезімдерін арттыру мейірімділігін ояту.
36		I	Әсемдік әлеміне саяхат	Эстетикалық арқылы алған білімдерін бекіту шығармашылық қабілеттерін үздіксіз дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың қиялы мен ойлау қабілеттерін дамуы;
- Эстетикалық талғамын жетілдіру;
- Баланың елестету, шығармашылық қабілеттерін, есте сақтау мен зейінді дамуы;
- Өзін-өзі ұстау мәдениетінің қалыптасуы;
- Салт-дәстүрін қадірлей білуге тәрбиеленуі.

Әдебиеттер:

1. Қоянбаев Ж.Б. «Педагогика»-Алматы 1992ж.
2. В.Сухамдинский «Балаға жүрек жылуы»-Алматы 1976ж.
3. М. Жұмабаев «Педагогика»-Алматы 1992ж.
4. Кутаева Н. «Основы эстетического воспитания» -М.1986г.
5. Андарбекова С. «Мектепке дейінгі педагогика»
6. Алмаханова Х. «Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие беру»
(методикалық нұсқау)*А. 1990 ж.Алматы
7. Урунтаева Г. «Дошкольная психология» 1996ж.
8. «Эстетическое воспитание в детском саду» под ред.
Н.А.Ветлугиной М. 1985г.
9. Нравственно-эстетическое воспитание в детском саду» под
ред. Н.А. Ветлугиной М. 2003г.
10. Неменкоо Б.А. оспанова Г.К. «Балалар мен жасөспірімдер
гигиенасы»-Алматы 2002ж.